

# Табысқа толы 80 жыл!

# ҚАЗАҚ



ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



# УНИВЕРСИТЕТІ

№ 20 (1529)  
29 мамыр  
2014 жыл

Апталық 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады

www.koznu.kz

## ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ҰЖЫМЫНА! СІЗДЕРДІ УНИВЕРСИТЕТТІҢ 80 ЖЫЛДЫҚ МЕРЕЙТОЙЫМЕН ҚҰТТЫҚТАЙМЫН!

Ұлы бабамыз әл-Фараби ғламаның есімімен аталатын бұл университет – еліміздегі жоғары оқу орындарының көшбасшысы. Осы жылдарда тамаша ұстаздар шоғырының бірнеше буыны жемісті еңбек еткен бұл университетті мыңдаған білікті мамандар бітіріп шықты.

Университетте тәуелсіздік жылдарында студенттерге білім берудің сапасын, ғылыми зерттеулердің нәтижесін арттыру орайында қыруар жұмыстар атқарылды. Соның нәтижесінде оқу орнының материалдық базасы едәуір нығая түсті. Көптеген шетелдік университеттермен әріптестік байланыстар орнатылып, өзара оқытушылар мен студенттер алмасу ісі жолға қойыла бастады.

Осының бәрі студенттердің заман талабына сай білім алуына оң ықпал ететіні сөзсіз. Жыл сайын көптеген озат мектеп тхлектері мен грант иелерінің білім жолын жалғастыру үшін осы университетті таңдауы және елімізде оны бітірушілерге сұраныстың жоғары болып отыруы – жүргізіліп жатқан жұмыстардың дұрыс бағытта екендігін көрсетеді.

Біз өркениет көшінің алдыңғы шебінен лайықты орнымызды иелену үшін «Қазақстан – 2050» стратегиялық жоспарын қабылдап, өзімізге аса биік меже белгілеп отырған еліміз. Бұл міндеттерді тек білімді де білікті мамандардың күшімен ғана атқарып шыға аламыз.

Мен университет ұжымы өздеріне талапты әрдайым жоғары қойып, осы игілікті істі жүзеге асырушылардың алдыңғы легінен көрінеді деп сенемін.

Баршаңызға зор денсаулық, тыңғылықты білім алуда, шәкірттерге сапалы дәріс беруде, ғылыми ізденістерге сәттіліктер мен табыстар тілеймін!

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ



**Қ.Ә. МӘМИ,**

ҚР Жоғарғы Сотының төрағасы,  
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Түлектері қауымдастығының президенті,  
заң ғылымдарының докторы, профессор

### ҚҰРМЕТТІ ҚАЗҰУ ТҮЛЕКТЕРІ!

Біз бүгін еліміздің білім беру саласындағы ең айтулы оқиғаның куәсі болып отырмыз.

Сіздерді қазақтың білім ордасының қара шаңырағы – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 80 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын!

Қазақстан ғылымы мен білімін дамытуға университет ұжымы, ректорлары мен оқытушы-профессорлар құрамының барлық буыны өлшеусіз үлес қосып келеді. Әсіресе, жас мамандар даярлаудағы еңбектеріңіз жоғары бағалауға тұрарлық.

Білім – ел дамуының бірден-бір іргетасы. Осынау қағиданы берік негізге ала отырып, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев тәуелсіз еліміздің алдына биік мақсаттар қойып отыр.

Қазақстан Президентінің ел халқына арнаған биылғы Жолдауында: «XXI ғасырдағы дамыған ел дегеніміз – белсенді, білімді және денсаулығы мықты азаматтар» деген сөзінің маңызын сіздер, білім мен ғылым саласының майталмандары, жақсы түсінесіздер.

Осы орайда, еліміздің кемел келешегі – білім беру ісі мен жоғары технологияға негізделген ғылым саласын дамытып отырған білікті кадрларға байланысты.

Қазақ ұлттық университеті – бәсекеге қабілетті мамандар даярлауда өз даңғыл жолы бар, өз мектебі қалыптасқан іргелі жоғары оқу орындарының бірі.

ҚазҰУ-дың 80 жылдық тарихында 140 мыңнан астам маман даярланды. Білікті де білгір мамандар бүгінде еліміздің барлық өңірінде жемісті еңбек етіп келеді. Олар Қазақстанның индустриялық-инновациялық дамуына сүбелі үлестерін қосуда.

Әлемдік деңгейдегі білімдерімен ерекшеленетін ҚазҰУ түлектері – әрдайым біздің мақтанышымыз.

Бұған қоса, елімізді шетелге кеңінен танытып жүрген университет түлектері де аз емес. Мысалы, Архат Әбжанов, Мұрат Сапарбаев, Дос Сарбасов, Рүстем Омаров, Руслан Бияшев, Михаил Гороховскийдің есімдері АҚШ, Франция және Ұлыбританияның жетекші жоғары оқу орындарына танымал.

Жалғасы 3-бетте

## ЖАҢАНДЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР ТОҒЫСҚАН АЛАҢ

Әлем елдерінен озық ойлы қоғам қайраткерлерінің, журналистердің, сарапшылардың басын қосқан VII Астана экономикалық форумы 21-23 мамырда Астана қаласында салтанатты Тәуелсіздік сарайында табыспен өтті. Он мыңнан астам делегат қатысқан Тәуелсіздік сарайында бұл күндері ғаламдық та, аймақтық та, ұлттық та мәселелер талқыға салынды. Шешімін табар мәселелердің нақты жолдары, жүзеге асырар технологиялары мен механизмдері қоғамдық, ғылыми және масс-медиа өкілдерімен ұсынылған үндестіктер мен келісімдердің платформасына айналды.

Жалғасы 4-бетте

БҮГІНГІ САНДА:

БҮГІНГІ САНДА:

БҮГІНГІ САНДА:

“ҚАРИЯЛАР -  
АЛТЫН ҚАЗЫНА”



5-бет

ҚАЗАҚСТАН  
ЭЛИТАСЫНЫҢ  
ҰСТАХАНАСЫ



6-бет

ГОРОДСКОЙ  
ВЕЛОПРОБЕГ



11-стр.



Жалғасы. Басы 1-бетте

**Қ.Ә. МӘМИ,**  
ҚР Жоғарғы Сотының төрағасы,  
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Түлектері  
қауымдастығының президенті,  
заң ғылымдарының докторы,  
профессор

Бүгіндері ҚазҰУ-дың әлемнің ең үздік және танымал 300 университетінің қатарынан көрініп, 800 жоғары оқу орыны арасында 299-шы орынды иеленіп отырғаны – еліміз үшін де үлкен жетістік!

Біз алдыңғы толқын ағалардың жасампаз ісін, даңқты жолын одан әрі жалғастыру мақсатында бұдан 5 жыл бұрын ҚазҰУ-дың Түлектер қауымдастығын құрдық. Түлектер қауымдастығын басқару маған сеніп тапсырылған еді.

Біздің мақсатымыз – университеттің жаңа мамандар буынын даярлауына, университет серіктестіктерімен және оның түлектерімен өзара тығыз байланысын қалыптастыруға барынша көмектесу.

Ол дегеніміз – әлеуетті жұмыс берушілер, меценаттар мен демеушілер, қосымша білім беру бағдарламасын тұтынушылар.

Қауымдастықтың тағы бір миссиясы – біздің университет түлектерінің барлық буынының корпоративтік рухын нығайту, түлектердің әлеуметтік ілгерілеуі мен Елбасы айтқандай «бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» үшін топтасуына септігімізді тигізу.

Біз осынау мақсат-мүддемізді алдағы уақытта да табысты іске асыруға белсене атсалысатын боламыз!

#### ДОРОГИЕ ДРУЗЬЯ!

Ассоциация выпускников КазНУ воссоздана пять лет назад и мне оказано высокое доверие - возглавить ее.

Наша цель заключается в содействии деятельности университета в подготовке

специалистов новой формации, в усилении партнерства университета и сообщества выпускников.

Выпускники – это потенциальные работодатели, меценаты и спонсоры, потребители программ дополнительного образования.

Ассоциация видит свою миссию в укреплении корпоративного духа всех поколений выпускников нашего университета, в их сплочении, карьерном продвижении и самореализации.

При спонсорстве Ассоциации проведен Первый международный симпозиум и установлен мемориальный комплекс великому академику, основателю КазГУграда – Умирбеку Джолдасбекову.

К 80-летию родного университета Ассоциацией изданы книги выпускников геолого-географического и юридического факультетов выпуска 1959 года «Незабываемый свет студенческих лет» и «Первый выпуск юридического факультета. 1959 год». Это не просто воспоминания – это часть богатой истории университета!

Ассоциация активно и на регулярной основе оказывают содействие улучшению социального положения студентов, особенно детей-сирот и детей, оставшихся без попечения родителей.

В этом году на базе Ассоциации формируется эндаумент-фонд развития университета, средства которого будут направлены на реализацию важных проектов университета.

Значительную помощь фонду оказывают наши выпускники, вузы-партнеры и коммерческие организации.

Мы признательны всем, кто поддержал эту важную идею! Мы видим большое будущее в этом сотрудничестве!

Ассоциация через публичные выступления и интервью вносит посильный вклад в формирование позитивного имиджа университета.

В целях пропаганды выдающихся профессиональных достижений выпускников впервые подготовлена и издана в двух томах книга «Наша элита».

Это издание о тех, кто способствовал становлению и развитию первого классического университета Казахстана и его трансформации в современный научно-исследовательский университет мирового уровня, участвовал в подготовке конкурентоспособных специалистов.

О тех, чьи научные изыскания стали основой мощного развития отечественной фундаментальной и прикладной науки.

О тех, чья работа содействовала формированию современной политики и идеологии независимого Казахстана, развитию культуры, экономики и благосостояния народа.

Эта книга также о людях творчества, парламентариях и государственных служащих.

И, наконец, о бизнесменах и меценатах, кто активно помогал выходу в свет данного издания.

Сегодня мне выпала честь презентовать 2-й том книги, приуроченный к 80-летию нашей Альма-Матер.

#### ДОРОГИЕ ДРУЗЬЯ, КОЛЛЕГИ!

Последняя суббота мая утверждена Ассоциацией единым общеуниверситетским Днем выпускника КазНУ. Безусловно, этот корпоративный праздник объединяет и создает атмосферу сопричастности всех нас к сегодняшней жизни ВУЗа.

Нас радует, что КазНУ удерживает лидерство и в студенческом спорте. На протяжении трех сезонов подряд университет сохранил титул победителя летних универсиад среди вузов страны. Впервые в истории КазНУ 11 студентов-спортсменов приняли участие в Олимпийских играх в Лондоне, а



Светлана Подобедова стала олимпийской чемпионкой.

Мы, как старшее поколение выпускников гордимся нашими талантливыми студентами, и желаем вам стать не только грамотными и знающими свое дело специалистами, но прежде всего, истинными патриотами Казахстана. Учитесь, дерзайте и работайте во благо нашей независимой Родины!

#### ҚҰРМЕТТІ ЖИЫҢҒА ҚАТЫСУШЫЛАР!

Ғұлама жазушы, біздер мен сіздер үшін киелі шаңырақта студенттерге дәріс оқыған академик Мұхтар Әуезовтің «Халық пен халықты, адам мен адамды теңестіретін нәрсе – білім» деген қанатты сөзі бар.

Ендеше, бәсекеге толы бүгінгі таңда бар күш-жігерін еліміздің білім саласын дамытуға арнап жүрген барлығыңызға да мықты денсаулық, мол табыс тілеймін!

ҚазҰУ түлектерін білім мен ғылымның биік белестерінен көре берейік!



23 мая состоялась международная научно-практическая конференция «Принципы Болонского процесса: опыт администрирования образовательных реформ»

Жалғасы. Басы 1-бетте

# ЖАҒАНДЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР ТОҒЫСҚАН АЛАҢ



Форум күндері жаһандық дағдарысқа қарсы мәселелер талқылану мен G-global форматындағы дағдарыстарды басқару, ақпараттық қауіпсіздік мәселелері мен дамуы, әлемдік энергетика көшбасшыларының саммиті, халықаралық журналистика саммиті секілді алқалы жиындар қатарынан өтті.

Биылғы форумның басты ерекшелігі – G-global таңдаған келелі мәселелер, сондай-ақ III Азия университеттері форумы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 80 жылдық мерейтойы аясында өтуі.

Астана. II әлемдік дағдарысқа қарсы конференция Бреттон-Вудс келісімінің 70 жылдығы: жаһандық қаржылық жүйесіне сенімді арттыру, соңғы екі онжылдықтағы қаржылық дағдарыстар ағынын игеру мәселесіне арналған конференция әлем сарапшылары асыға күткен басты шаралардың, экономикалық күрмеуі қиын дағдарыстарды талқылаған форумның өзекті жиындарының бірі. ҚР премьер-министрінің орынбасары Бақыт Сұлтанов және Бреттон-Вудс комитетінің атқарушы директоры Марк Узан алғысөзін ашқан жиында әлемдік экономикадағы дағдарыс аясындағы диалог мәселесі талқыланды. Жапония банкінің төрағасы Казумаса Ивата, Ресей Президентінің кеңесшісі Сергей Глазьев, Ливан Республикасының премьер-министрі Фуад Синиора, Нобель сыйлығының лауреаты, Йель университетінің профессоры Доминго Кавалло жаһандық қаржы дағдарысының проблемаларын атаумен қатар, нақты шешу жолдарын ұсынды.

«Жаһандық дағдарыс нарықты жаулағаны рас. Алты жылдан бұрынғы дағдарыс бүгінде аяқталды ма? Одан шығудың қандай жолдары бар? Әлем елдері экономикалық дамуының онжылдығын жоғалтты деуге болады. Мемлекеттік қарыздары артқан компаниялар қаржыларын инвестициялауға емес, өздерінде ұстауды жөн санайды», - дейді Нобель сыйлығының лауреаты Доминго Кавалло. Форумның аясында өткен келелі ғылыми жиынының бірі - «Өзгерістер дәуірінде G-global форматындағы дағдарыстарды басқару» тақырыбындағы конференция.

Әлемдік өзгерістер жаһандану екіпінімен жылдам дамып отыр. Дегенмен экономикалық нарықтағы өзгерістер экологиялық та, энергетикалық та проблемаларды күн тәртібіне ұсынды.

VII Астана экономикалық форумында Қазақстанның инновациялық экономикасы: жаһандану жағдайында тұрақты даму» халықаралық ғылыми конференциясы еуразиялық кеңістіктегі интеграциялық үдерістердің артуы; туризм саласының проблемалары және дамуы сияқты қадау-қадау мәселелерді алға тартты.

«Жасыл экономиканың» элементі ретінде туристік кластердің тұрақты дамуына, инновациялық экономиканың теориясына, инновациялық дамудың институционалдық факторына, экономиканың бәсекеге қабілеттігі

секілді тақырыптарда Еуразия ұлттық университеті ректоры Е. Сыдықов, Урал мемлекеттік университетінің ректоры М. Федоров модераторлығымен Оксфорд университетінің профессоры Л. Алтынай, Краков университетінің профессоры Я. Течке сияқты танымал ғалымдар жиынның басты спикерлері саналды.

Форум күндері «жасыл экономика» басты әрі негізгі тақырып болды. III әлемдік

шаралар, интернет желісіндегі авторлық құқықты қорғау сияқты шешуін ұзақ мерзімді әрі бірнеше тараптан шешімін күткен мәселелер қызу талқыланды.

Астана экономикалық форумының басты әрі негізгі жиындарының бірі – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға аса үлкен сенім және жауапкершілікпен табысталған Азия университеттерінің III форумы. ҚазҰУ бұл аталған міндеттерді өте жоғары деңгейде орындап шықты.

«Еуразиялық алуандылық және тұрақты даму жолындағы университеттердің рөлі» III Азия университеттері форумының алғашқы күні Астана қаласында өтті.

Қазіргі таңдағы өзекті мәселелерді шешуде жоғары оқу орындарының ғылыми және білім берудегі әлеуетін нығайту, Азия университеттерінің халықаралық қауымдастықтағы бәсекеге қабілеттігін және танымалдылығын арттыру мақсатындағы Еуразиялық алуандылық жағдайындағы интернационализация форумда алғаш рет көтерілді.

Сондай-ақ энергетикалық қауіпсіздіктің тұрақты дамуына жағдай жасауда университеттердің рөлін арттыру, Еуразия кеңістігіндегі жоғары білім жүйесін жетілдіру және тұрақты даму бойынша ортақ жобаларды құру сияқты аса ауқымды тақырыптарда екі күн бойы Азияның 30-дан астам университетінен келген басшылары ортақ талқыға салған келелі жиынға айналды.

Форум жұмысына үлкен сенім және маңызды міндеттер жүктеген БҰҰ Бас хатшысы Пан Ги Мунның ресми арнауы

арттыру, университеттердің тұрақты даму саясатына жүйелі көшуі, жасыл университеттер қатарын көбейту, тұрақты даму идеясын кеңінен жариялау және тарату, университеттердің рөлін жергілікті, аймақтық және халықаралық деңгейде арттыру», - деп атап өтті.

ҚазҰУ аймақтағы жетекші университет ретінде БҰҰ-ның Тұрақты даму хабын ашу мәртебесіне ие болды. Халықаралық деңгейде ТМД елдері арасында жаһандық деңгейде БҰҰ тұрақты даму бағдарламасының академиялық ықпал ету саясатын жүргізуде. Әлеуметтік жобаларға студенттік қауымдастықты тарта отырып, тұрақты дамуға деген тың көзқарас қажет.

III Азия университеттері форумында қатысушы тараптар Тұрақты дамудың Таллауар декларациясын, РИО+20 декларациясын ұстана отырып, тұрақты дамуда университеттердің мәдениет және білім беру орталығы саналатыны ескеріліп, Жаһандық тұрақты дамуда университеттердің тұрақты дамуының модельдік жоспары ұсынылды.

Форум жұмысына әлемнің 40-қа жуық елінен 300-ден астам ғалым қатысты. Нобель сыйлығының иегерлері Роберт Джон Ауманн және Арье Варшельдің қатысуы форум көтерген жаһандық мәселеге салмақ қоса түскені анық. Сондай-ақ "UN Academic Impact" компаниясының директоры Раму Дамодаран, Стивен Пулл БҰҰ Орталық Азия бойынша ресми өкілі, ЮНЕСКО Азия-Тынық мұхит аймағындағы Аймақтық білім беру бюросының директоры Ким Куанг Джо, Халықаралық университеттер ассоциациясы Президенті Дзулькифли Абдул Разак, Халықаралық Академиялық классификация және сапа бойынша сараптамалық топтың Президенті Ян Садлак сияқты халықаралық ұйымдардың өкілдері қатысып, Тұрақты дамудағы университеттердің рөліне қатысты ауқымды мәселелер көтерген баяндамалар жасады.

Форумның Астанадағы қорытынды мәжілісінен соң Стратегиялық ынтымақтастық туралы ҚР БЖҒМ, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Кангнам Северанс емханасы, POSCO E&S компаниясы арасында төртжақты меморандумға қол қойылды. Бұл тараптардың өзара тиімді және тең құқықты ынтымақтастықты орнатуға жасалған тарихи құжатта әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да инвестициялық жобалар мен медициналық кластерлерді ұйымдастыру көзделді.

ҚазҰУ-дың 80 жылдығына арналған Азия университеттерінің форумы ұлттық және жаһандық деңгейде университеттердің Тұрақты даму моделін ұсынуымен сындарлы да салықалы,

*Исследования и практическая работа, выполняемая учеными КазНУ, вносят огромный вклад в глобальную миссию ООН по сохранению мира и обеспечению устойчивого развития... Сегодня мы стремимся очертить программу мирового развития на период после 2015 года, и я с огромным воодушевлением жду ваших инициатив. Благодарю вас за приверженность принципам ООН и активное участие во главе Глобального хаба программы «Академическое влияние».*

**Пан Ги Мун,  
Генеральный секретарь ООН**

жастардың экономикалық форумының талқыға түскен мәселесі - жастардың жасыл экономикаға және ЭКСПО-2017-ге қосар үлесі назардан тыс қалмады.

Жиың барысында тұрғын мекенжайының экологиясы, экологиялық тиімді өнімдерді сертификациялау, құнарлы топырақ және органикалық ауыл шаруашылығы, электромагниттік және радиациялық, геопатогендік қатерлерден қорғау, сауықтыру туризмі, сондай-ақ биобелсенді заттар негізінде үй құрылысын салу, жасыл қалалар мен экоаймақтарды, экологиялық сән және дизайн үлгісіндегі киімдер сияқты тақырыптар жастардың тың идеяларынан туындағаны рас. Форум алаңында қоғам қызығушылығын арттырған «жасыл бизнес», «smart green» сияқты жобалар болды.

Форум күндері биыл екінші рет таңдалған тақырып «Антиконтрафакт халықаралық форумы» аясында кеңейді. Кедендік одақ және Бірыңғай экономикалық кеңістік жағдайындағы зияткерлік меншікті қорғау жөніндегі заңнаманың үйлесім табуы – форум спикерлері көтерген басты мәселе.

Тағам, дәрі-дәрмек қауіпсіздігі, балаларға арналған тағамдар мен заттардың қауіпсіздігі, контрафактілік өнімдерді өндіруге таратуға қарсы

және ЮНЕСКО-ның Бас директоры Ирина Боквананың құттықтауы тыңдалды.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры Ғ. Мұтанов пленарлық мәжілісте: «Президент Н. Назарбаев атап өткендей, тұрақты даму - адамзаттың өмір сүру формуласы.



Іргелі білім мен озық ғылымның негізі. XXI ғасыр университеттері тұрақты дамуды ғылыми-тәжірибелік міндетке айналдыруы тиіс. Бұл міндеттер қатарында: тұрақты даму саласында мамандар даярлау, идеологиялық және әлеуметтік жауапкершілікті

мәртебелі ғылыми қоғамдық жиын. Бұл – ҚазҰУ-дың алдағы БҰҰ мыңжылдықтар даму бағдарламасын жүзеге асырудағы таңдаған миссиясы.

**Гүлмира СҰЛТАНБАЕВА,**  
Астана-Алматы

**30 мамырда «Университет – бизнес – қоғам: тәжірибе және серіктестік болашағы» атты Жұмыс берушілер форумы өтеді**

# «Қариялар – алтын қазына»

*Еліміздегі жоғары оқу орындарының көшбасшысы, әлемнің озық университеттері қатарынан танылған әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті бүгінгі таңда өзінің сексен жылдық мерейтойын атау үстінде. Айтулы мереке қарсаңында оқу ордасы «Мерейтойлы онкүндік іс-шаралары» атты бағдарлама ұйымдастырған болатын. Ізгілікті іс-шара 26 мамыр күні «Қариялар – алтын қазына» атты мерекелік күнмен жалғасты. Аталмыш мерекенің мақсаты – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ғылыми және педагогикалық қызметінің ардагерлеріне құрмет көрсету. Өйткені ардагер ұстаздарымыздың университет жолында сіңірген еңбектері орасан зор. Олар қалыптастырған ғылыми мектептер ұрпақ тәрбиелеуге негіз болып келеді.*



Әл-Фараби бабамыз айтқандай: «Ұстаз жаратылысынан өзіне айтылғанның бәрін жете түсінген, көрген, естіген және аңғарған нәрселердің бәрін жадында жақсы сақтайтын, ешнәрсені ұмытпайтын алғыр да аңғарымпаз ақыл иесі, мейлінше шешен, өнер-білімге құштар, аса қанағатшыл жаны асқақ және арнамысын ардақтайтын, жақындарына да, жат адамдарына да әділ, жұрттың бәріне жақсылық пен ізгілік көрсетіп, қорқыныш пен жасқану дегенді білмейтін батыл, ержүрек жан болуы керек». Ал ҚазҰУ-да қызмет атқарған, еліміздің дамуына, гүлденуіне үлес қосқан ардагер ұстаздар нақ осындай жандар десек қателеспейміз. Университеттің уығын қадап, керегесін байлаған да осы тұлғалар. Мерекелік іс-шараға Алматы қаласының ардагерлері де шақырылды.

Еліміздің зияткерлік әлеуетін дамытуға үлес қосқан көрнекті мемлекеттік қоғам, ғылым қайраткерлерін марапаттау салтанаты әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Ғылыми кітапханасының ғимаратында өтті. Әсем ғимараттың төртінші қабатында ұйымдастырылған университеттің соңғы жылдардағы жетістіктері мен инновациялық жобаларына арналған көрме ардагер ұстаздардың қызығушылығын туғызды.

Салтанатты жиынды университет ректоры академик Ғалым Мұтанов құттықтау сөзімен ашты. «ҚазҰУ тұлғалары – Сіздер университеттің білім беру жүйесінің дамуына үлкен үлес қостыңыздар. Ардагер ұстаздарымызды құрметтеп, марапаттау оқу ордамыздағы дәстүрлер жалғастығын, ұрпақтар сабақтастығын көрсетеді», - дей келіп, ұстаздарға алғыс білдіріп, олардың сіңірген еңбектерінің зор екендігін ерекше атап өтті.

Сөз кезегін Ұлы Отан соғысы және тыл еңбеккерлерінің Ардагерлер кеңесінің төрағасы, Ақсақалдар кеңесінің мүшесі, Брест қамалын қорғаушылардың бірі, ҚазҰУ профессоры Ғаббас Жұматов жалғастырып, барлық ардагер ұстаздар қауымын шын жүректен құттықтады. Алматы қалалық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Еренғайып Шайхутдинов, Өтеген Күмісбаев сынды ардагер ұстаздар өздерінің ыстық ықыластарын білдіріп, өлең шумақтарын да арнады.

Ал жастар атынан журналистика факультетінің докторанты Сандуғаш

Қаратаева сөз сөйлеп, ұстаздарға алғыс білдірді. Айтулы іс-шара студенттер дайындаған концерттік нөмірмен жалғасты. «Фараби сазы» орындаған күй тартыс қонақтарға ерекше көңіл күй сыйлады. Ал механика-математика факультетінің студенті Ш. Бекешев халық әні «Ақ еркені» орындап, ұстаздарды бір серпілтіп тастады.

Шара соңында университет ректоры ардагер ұстаздар қауымын «ҚазҰУ-ға 80 жыл» мерейтойлық медалімен марапаттап, сыйлықтар табыс етті. Марапатталған ұстаздар қатарында: Кеңесбай Қожахметов, Виктор Ли, Үмбетбай Уайдин, Төреғали Қатарев, Өтеғали Шеденов, Мануар Тапатаева, Хабибулла Оспанов, Сұлтан Нысанбаев, Роза Утешева, Жасұлан Садықов, Иса Байтулин, Мая Шигаева, Ажар Жұбанова, Бегалі Айтқожа, Күләш Дәуітбаева, Тұрсынбек Кәкішев, Сағымбай Қозыбаев, Тамара Максимова, Шота Уәлихан, Сәкен Қанағатұлы, Любовь Сухова, Әбілфайыз Ыдырысов сынды ардагер азаматтар бар.

ҚазҰУ-дың Тәрбие жұмысы жөніндегі департаментінің директоры Меңдігүл Ноғайбаева: «Осы 150 мыңдай шәкіртті тәрбиелеп, еліміздің дамуына өз үлестерін қосқан, университетте талай жылдан бері қызметістеген біздің ардагер ұстаздарымыз бен ғалымдарымыз бар. Олардың

әрқайсысы өз алдына бір жеке мектеп. Олар - ғылыми мектеп қалыптастырған, ұстаздық жолын қалыптастырған, есімдері аңызға айналған тұлғалар. ҚазҰУ өзінің университеттік рухымен ерекшеленеді. Өзінің жасампаз даңқы бар. Сол рухты, жасампаз даңқты жасап отырған - ұрпақтар сабақтастығы», - деді өз сөзінде.

Марапаттаудан көңілді шыққан ардагерлер қауымы түскі асқа шақырылып, мерекелік іс-шараны әрі қарай жалғастырды. Әл-Фараби трактаттарынан бастау алып жатқан қайырымды қаланың маңызды белгісі – рухани құндылықтар ҚазҰУ қалашығында «Электронды кампус», бақытты студенттік шақ сыйлайтын қайырымды қалашық үлгісінде көрініс тапқан еді. Осы орайда ардагер ұстаздар ҚазҰУ қалашығындағы жаңа инфрақұрылымдық нысандармен, атап айтқанда, «Керемет» жастар ресурстық орталығының жұмысымен және «Әл-Фараби» мұражайымен танысты.

Университеттің 80 жылдық мерейтойына арналған онкүндік аясындағы ерекше іс-шара өмірі өскелең ұрпаққа өнеге боларлық қарияларды сыйлап, оларға құрмет көрсетуді мақсат тұтқан университеттің тағылымды дәстүрін айғақтай түседі.

Назгүл ШЫҒЫСОВА



# Қазақстан элитасының ұстаханасы

27 мамырда «Әл-Фараби» Ғылыми кітапханасында ҚазҰУ-дың 80 жылдық мерейтойының онкүндігі аясында Журналистер одағы және Журналистер академиясының қолдауымен отандық әрі шетелдік БАҚ пен журналистер арасында ұйымдастырылған «ҚазҰУ – Қазақстан элитасының ұстаханасы» атты байқау қорытындысының салтанатты марапаттау рәсімі өтті. Шараға халықаралық, республикалық, аймақтық БАҚ басшылары мен журналистері қатысты.



Аталмыш байқау БАҚ назарын қазақстандық білім беру және ғылым мәселелеріне аудару, еліміздің жетекші оқу орны – ҚазҰУ қызметін оқу-ағарту, ғылыми және инновациялық тұрғыдан насихаттау мақсатында осы жылдың 1 ақпаны мен 20 мамыр аралығында жарияланған болатын. Байқауға университеттің тарихи және мәдени мұрасы, дәстүрі мен жетістіктері, заманауи қызметі, даму келешегін кеңінен сөз еткен қызықты да мазмұнды жұмыстар келіп түсті. ҚазҰУ-дың білім мен ғылым, инновация саласындағы жаңалықтары мен жетістіктері теле, радио, мерзімді және он-лайн басылымдар арқылы республика көлемінде таралды. Байқауды қорытындылаған салтанатты кешті әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанұлы ашты. «Еліміздің ең ірі университеті ҚазҰУ-дың 80 жылдығын біз 21-22 мамырда III Азия университеттерінің форумымен бастап кеттік. Оған әлемнің 40-тан астам елінен 100-ге тарта ректор, президент, вице-президенттер қатысып, бүгінгі таңдағы аса өзекті сұрақ – әлемдік жаһанданудағы тұрақты даму мәселесін талқылады. Осы ретте биыл ҚазҰУ тұрақты даму бойынша БҰҰ-ның

жаһандық хабын басқарғаны баршаңызға белгілі. Университеттер көшбасшысы ретінде бізге артылған осынау жауапты жүкті сезіне отырып, біз осындай ауқымды шараларды өткізіп отырмыз. Сондай-ақ күні кеше университет ардагерлерін марапаттап, баталарын алдық. Ал бүгін Сіздерді арнайы шақырып отырмыз», – дей келе, ректор БАҚ өкілдеріне ризашылығын білдірді.



Талантты ҚазҰУ студенттерінен құралған көркемөнерпаздар үйірмесі әуелеген әсем ән, сазды әуенмен кештің көркін кіргізіп, әрлеп отырды.

ҚазҰУ-ға үздік ақпараттық қолдау көрсеткен бұқаралық ақпарат құралдарын белгілі публицист, Журналистер академиясының президенті Сағымбай Қозыбаев пен Журналистер одағының төрағасы Сейітқазы Матаев марапаттады. «Егемен Қазақстан», «Казакстанская правда», «Ана тілі», «Айқын», «Қазақ әдебиеті», «Литер»,



«Түркістан», «Алматы ақшамы», «Түркі әлемі», «Заң», «Свобода слова», «Время», «Samopitog», «АиФ Казахстан», «Жас қазақ», «Экспресс К», «Вечерний Алматы» газеттері, «Қазақпарат» халықаралық ақпараттық агенттігі, «Қазақ радиосы», «Хабар», «Қазақстан», «Білім және мәдениет», «Алматы» телеарналары, «31 канал», КТК, СТБ, «Қазақстан тудей» ақпараттық агенттігі түрлі номинациялар бойынша жеңімпаз атанып, оларға диплом мен сувенирлер табысталды.

Сондай-ақ арнайы номинация жеңімпаздарын әлеуметтік жұмыс жөніндегі проректор Шолпан Ерболқызы марапаттады. Байқау қорытындысы бойынша «Алматы ақшамы» газетінің бөлім бастығы Ермек Зәңгіров, «Хабар» агенттігінің журналисі



Гүлвира Биғалиева, «Қазақпарат» халықаралық ақпараттық агенттігі директорының орынбасары Қаламқас Әбуова, «Tengrinews.kz» агенттігінің журналисі Дмитрий Хегай, «Егемен Қазақстан» газетінің Алматыдағы бөлімше жетекшісі Қорғанбек Аманжол, «Казакстанская правда» газетінің Алматыдағы корпунктінің жетекшісі Ольга Малахова, «Қазақстан» телеарнасының журналисі Айгүл Ермахан, «Казакстанская правда» газетінің журналисі Раушан Шулембаева, «Ана тілі» газетінің журналисі Нұрлан Құмар, «Айқын» газетінің жас журналисі Мағауия Шайхы, «Алматы ақшамы» газетінің журналисі Рая Ескендір, «Вечерний Алматы» газетінің журналисі Наталья Вержбицкая, «Қазақ» радиосының журналисі Мөлдір Жанбаева, «Massaget.kz» сайтының редакторы Мейіргүл Оңғарова, «Қазақстан-



Заман» газетінің журналисі Алпамыс Файзолла, «Фотоөнер» қоғамдық бірлестігінің мүшесі Досжан Балабекұлы жеңімпаз атанып, диплом мен ақшалай сыйлықтарға ие болды. Басым көпшілігі ҚазҰУ түлегі болып табылатын марапат иелері өз кезегінде туған университеттерін мерейтойымен құттықтай отырып, шексіз алғыстарын білдірді. «Алматы ақшамы» газетінің тілшісі Рая Ескендір ҚазҰУ-да журналистика факультетінде оқығанын, 3-курс бастап еңбекке араласқанын тілге тиек етті. «ҚазҰУ әрқашан білім мен ғылым әлеміндегі озық табыстарымен танылып келеді. Көркіті ҚазҰУ қалашығында бой көтерген жаңа ғимараттар да таңғаларлық», – деп ыстық ықыласын жеткізді.

БАҚ басшыларының көпшілігі – ҚазҰУ түлектері. Журналистика факультетінде олар осынау қиын да қызықты мамандықты игеріп, шыңдалу мектебінен өтті. Бүгінде олар туған университетінен қол үзген жоқ. Сондықтан ҚазҰУ-дың ғылым мен білім берудегі инновациялық табыстарын үздіксіз жариялап, университет имиджін қалыптастыруға қолдау білдіргендері үшін бірқатар БАҚ басшыларына, әр жылдары «Қазақ университеті» газетінің бас редакторы қызметін атқарған журналистерге «ҚазҰУ-ға 80 жыл» мерейтойлық медальдары табысталды.

Кеш соңында қонақтар естелік суретке түсіп, мерекелік дастарқаннан дәм татты. Сондай-ақ қонақтар назарына «80 жылдықтың 80 қыры» атты ҚазҰУ шығарған кітаптар мен ҚазҰУ туралы мақалалар көрмесі ұсынылды. Мерекенің ресми бөлімін ҚазҰУ өнерпаздары «Жасай бер, ҚазҰУ-ым!» әнімен тамамдады. Қонақтар да осы тілекпен, көтеріңкі көңіл күймен тарқасты.

Әйгерім ӘУЕЗХАН

Суреттерді түсіргендер:  
Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ,  
Оралбек ЫСҚАҚ



30 мамырда «әл-Фараби атындағы ҚазҰУ – болашаққа ұмтылған университет» атты ұжымның салтанатты отырысы мен ҚазҰУ түлектерінің форумы өтті

# БОЛОН ҮДЕРІСІ – БІЛІМ МЕН ҒЫЛЫМДЫ ҒАЛАМДАСТЫРУДЫҢ БІР КӨРІНІСІ

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде өткен халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция мен әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы оқу-әдістемелік секция мәжілісі «Болон үдерісінің ұстанымдары: білім беру реформаларын әкімшілікпендіру тәжірибелері» тақырыбына арналды. Университет ректоры Ғалым Мұтанұлы кіріспе сөзінде 80 жылдық мерейтойлық іс-шаралар аясында өткізіліп отырған бұл мәжілістің маңызы зор екенін атап өтті. Бүгінгі таңда Қазақстандағы кредиттік жүйені америкалық модельге негіздеп, еуропалық ESTC жүйесіне үйлестіру мақсатында жұмыстар жүзеге асырылуда. Бұл – Болон реформалары «нәтижелерге бағытталуы» және «студенттік орталықтандырылған оқыту» терминдерімен сипатталатынының нақты көрінісі.*



Сонымен қатар Ғалым Мұтанұлы өз сөзінде Қазақстан Орта Азия елдерінің арасында 2003 жылы бірінші болып Болон үдерісіне қосылған ел екенін айта келе, университеттегі білім беру бағдарламаларының халықаралық стандарттарға сәйкес жасалуы және оны жүзеге асырудағы тәжірибелер еуропалық жоғары кәсіби білімде біртұтас жалпы-еуропалық білім кеңістігіне сай болуға бағытталған деп атап көрсетті. Болон үдерісі – білім мен ғылымды ғаламдастырудың бір көрінісі деп баға берді.

Қазіргі кезде 47 ел мүше Болон үдерісі 1999 жылы алғашқы еуропалық университеттің отаны – Италия еліндегі Болонья қаласының құрметіне аталған болондық декларациямен бекітілген. Университет ректоры Болон үдерісін енгізудің басты мақсаты ретінде демократиялық жоғары технологиялық, ақпараттық, нарықтық қоғам талаптарына сай келетін және жеке бағыттылықты, таңдау еркіндігін және өзіндік білім жолын игеру мен білім жинаудың ақпараттық-ізденімпаздық сипатын қалыптастыру екенін ерекше атады. Сонымен қатар ректор университеттегі білім беру жүйесінің әлемдік стандарт талаптарына сай келуі нәтижесінде AQUIN және AQA секілді алдыңғы қатарлы шетелдік аккредитация агенттерінен халықаралық аккредитациядан өткенін айтты. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың бастамасымен Назарбаев университеті, ЕҰУ, ҚМЭБИ, ХБА, ҚБТУ, ҚазМҰОУ, ҚазҒБА сияқты бірнеше қазақстандық жоғары оқу орындарын біріктірген ректорлар концорциумының құрылуы туралы айта келіп, Ғалым Мұтанұлы бұл концорциум білім беру бағдарламаларын жетілдіру мен оқу орындарының автономиялануына қол жеткізуде ерекше маңызға ие деп атап өтті.

Қазақстандағы Эразмус+ бағдарламасының үйлестірушісі Шайзада Тасболатова конференцияға қатысушыларға Эразмус+ бағдарламасының отандық оқу орындарымен әріптестік динамикасын таныстырды, осы бағдарлама аясында жүзеге асырылған бірлескен және жеке жобалардың

саны бойынша әл-Фараби атындағы ҚазҰУ көшбасшылыққа ие. Бұл бағдарламаның жоғары оқу орындары, ғылыми орталықтардың әріптестік байланысы нәтижесінде халықаралық қарым-қатынасты нығайтуда және адам ресурстарын дамытуда рөлі зор екенін айтты.

ҚР Білім және ғылым министрлігінің Болон үдерісі және академиялық ұтқырлық орталығының басшысы Қымбат Байсекина Болон үдерісіне енудегі жалпы қызмет қағидаларына негізделген жоғары білімнің бірыңғай еуропалық жүйесінің Қазақстанда енгізілу тәжірибесіне кеңінен тоқталды. Қазіргі кезде алға қойып отырған негізгі мақсат-міндеттерді атап көрсетті. Солардың қатарында еліміздегі білім беру жүйесінің бәсекелестікке қабілеттілігін және тартымдылығын жоғарылату; ұлттық білім жүйелерін жақындастыру; жоғары білімнің ұлттық жүйесін реформалауды қарастыратын жоғары білімнің құрылымдық қайта құрылу үдерісі, көпдәрежелі жоғары білімді енгізу секілді басты ұстанымдарды жақсарту қажет екеніне айрықша тоқталды.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың оқу жұмысы жөніндегі проректоры Дархан Ахмед-Заки университеттің білім беру бағдарламаларын жетілдіру, оқу-әдістемелік кешен сапасын арттыру, студенттер, магистранттар мен докторанттардың жеке білім беру траекторияларын жасау жайлы кеңінен тоқталды.

Еуропа аймағындағы жоғары білім беруді және ғылыми зерттеулерді қорғау және жақсарту құралы болып табылатын Болон үдерісінің талаптарына сәйкес университеттегі академиялық ұтқырлық бағдарламасының белсенді жұмысын атап өтті. Университеттегі білім сапасын бақылау; студенттер мен оқытушылардың мобильділігін кеңейту тұрғысынан атқарылатын шараларды талдады.

Сонымен қатар, Назарбаев университетінің студенттермен жұмыс, халықаралық қатынастар және мемлекеттік органдармен байланыс жөніндегі вице-президенті Лоретта О’Донель Болон үдерісін пайдалану бойынша өз тәжірибелерімен бөлісті. Лоретта О’Донель Назарбаев университетіндегі академиялық еркіндік, академиялық ұтқырлық бағдарламасы және әлемдік білім беру орталықтарымен тығыз қарым-қатынас барысындағы жұмыс нәтижелерімен таныстырды.

Конференция барысында ғылыми жарияланымдардың сапасы жайлы да пікір алмасулар болды.

Еуропада Гумбольдт қағидасы бойынша білім мен ғылым дәстүрлі түрде біріктірілген. Кеңестер жүйесінде олар бір-бірінен оқшауландырылған, қазіргі кезде қайтадан жоғары оқу орындары базасында интеграциялау жүргізілуде. Таяу Шығыс, Түркия және Орта Азия бойынша Шпрингер баспасының вице-президенті Аздаа Котани өз презентациясында ғалымдардың ғылыми жарияланымдарын арттыру негізінде халықаралық байланысты дамыту және азиялық жоғары оқу орындарымен бәсекелестікті нығайтудың маңыздылығы жайлы атап өтті. Соңғы деректер бойынша Қазақстандағы әртүрлі ғылым салалары бойынша әлемдік ғылыми журналдарға жарияланған ғылыми мақалалар саны жағынан әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ғалымдары алдыңғы қатарда.

«Оқулық» Республикалық ғылыми-тәжірибелік орталығының директоры Б.Каримова жоғары оқу орындарында кітап шығару мәселесін жандандыру қажеттілігін айтты.

Ал «Ұлттық ақпараттандыру орталығы» АҚ директорлар кеңесінің төрайымы Г.Нұрғалиеваның электронды оқу құралдарын кеңінен енгізу бойынша ең алдымен балабақшада компьютерлік ойындарды, мектепте электронды оқу

құралдарын, жоғары оқу орындарында ғылыми-зерттеу зертханаларын құру керек деген пікірі көпшілік назарын аударды. Алайда мұндай кешенді құру үшін қомақты қаржылай қолдау және интеллектуалды күш қажет.

Электронды кітап шығарудың шетелдік тәжірибелері жайлы Түркия және Орта Азия бойынша Эльзивер баспасының менеджері Айхан Аканай Саракоғұлы таныстырды.

Конференция барысында “әл-Фараби атындағы ҚазҰУ достары” клубының тең төрағасы, Гамбург технология университетінің профессоры Ханно Шаумбург конференцияға қатысушыларды осы Клубқа мүше болуға шақырды. Сонымен қатар бүгінгі таңда Клубқа мүше 80-ге жуық әртүрлі ұйымдар, 500-ден астам ғалым, қоғамдық қайраткерлер біздің оқу орынның халықаралық білім беру жүйесі мен ғылыми кеңістікте танылуына белсенді атсалысуда деп атап көрсетті. Мерейтойлық шараға байланысты университет ректоры Ғалым Мұтанұлы клубтағы белсенді қызметі үшін Ханно Шаумбургке диплом және мерейтойлық медальін тапсырды.

Конференция барысында отандық және шетелдік танымал ғалымдар ХХІ ақпарат ғасырының білім мен ғылымға қойып отырған басты мақсаттарының құрамында мәдени құндылықтарды дамытудағы университеттердің негізгі басты орнын мойындау; жоғары білімді қоғам талаптарына сай бейімдеу қажеттігі; университет түлектерінің кәсібін айқындауда түсінуге жеңіл, салыстыруға боларлықтай дәрежелер мен мамандықтар қабылдау; университеттік автономияны және академиялық еркіндіктерді дамыту; үздіксіз білім беру қажеттілігі туралы еркін пікір алмасты.

**Қарлыға НАҚЫСБЕКҚЫЗЫ,**  
журналистика факультеті

**27 мая состоялась торжественная церемония награждения победителей конкурса среди СМИ и журналистов «КазНУ – кузница казахстанской элиты»**

# «Егемен Қазақстан» – ел газеті»



**Еліміздің бас газетінің 95 жылдығы мен университетіміздің 80 жылдық мерейтойына орай «Егемен Қазақстан» – ел газеті» атты салтанатты жиын өтті. Кездесуге «Егемен Қазақстан» республикалық газеті» Акционерлік қоғамының Президенті Сауытбек Абдрахманов және редакция мүшелері, Алматы бөлімшесінің жетекшісі – Қорғанбек Аманжол, «Егемен Қазақстан» газетінің ардагері – Мамадияр Жақып, шолушылар – Гүлзейнеп Абдрахманова, Шарафаддин Әміров, Айнаш Есали, тілші Қанат Ескендір қатысты.**

Салтанатты жиында ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанұлы: «Егемен Қазақстан» – Қазақстан Республикасында жарыққа шығатын мемлекеттік ресми баспасөз құралы. Басылым негізінен ресми ақпараттық, жаңадан қабылданған құқықтық актілерді және басқа да ресми ақпаратты жариялайды. Газет 1919 жылдың 17 желтоқсанынан бастап аптасына 5 рет шығарылады. Алғашқы атауы «Ұшқын» болатын. Содан бері ұжымдастыру кезеңі де, соғыс жылдары мен соғыстан кейінгі қиын кезең де газеттің тұрақты түрде жариялануына кедергі бола алмады. Тек атауы ғана «Ұшқын», одан кейін «Еңбек Туы», «Еңбекші қазақ», «Социалистік Қазақстан» және соңғы жылдары «Егемен Қазақстан» болып өзгерген газеттің

тереңінде түйісіп жатқандай», - деп сөзін сабақтады.

Салтанатты жиында екі жақты ынтымақтастық Меморандумына қол қойылды. ҚазҰУ Ғылыми кітапханасының «Егемен Қазақстандықтар» шығармашылығына арналған көрмесі ұйымдастырылды. «Егемен Қазақстан» газетіндегі ҚазҰУ шежіресі» атты бейнефильм көрсетілді.

Сонымен қатар қонақтарға арнап студенттер әннен шашу шашып, жыр шумақтарын оқыды. Егеменнің бүгінгі жай-күйіне байланысты сұрақтар қойылып, нақты жауаптар алынды, құттықтаулар жолданды. Сонымен қатар 80 жылдық мерейтой медалі Сауытбек Абдрахмановқа табыс етілді.



тарихи тамыры тереңде» - дей кей келе, «Осынау мерейлі мерекелер салтанаты тұсында ғылым-білім ордасы мен бүгінгі қазақ баспасөзінің көшбасшысы бүгінгі өкілдері өткен күндер өрнектеріне замана көзімен шолу жасай отырып, болашаққа бағдар сілтеуге тиісті деп ойлаймын. Себебі қазақ руханиятының екі алып бәйтерегінің алтын тамырлары тарих

Дәл осы күні журналистика факультетінде «Егемен Қазақстан» ақпарат орталығы ашылды. Ақпараттық орталықтың мақсаты: редакциямен тығыз қарым-қатынас орнату, шығармашылық бірлескен жобаларды жүзеге асыру.

**Әйгерім ӘЛІМЖАНОВА,**  
журналистика факультетінің оқытушысы

# ЛЕТНИЙ СЕМЕСТР В КАЗНУ

*Скоро лето! И те студенты, которые уже сегодня задумываются о будущем месте работы, не хотят терять времени даром! Для мотивированных, активных и пытливых юношей и девушек КазНУ открывает аудитории, on-line классы для дополнительных летних курсов известных профессоров Казахстана и зарубежья. Здесь можно выбрать актуальные дисциплины по смежным специальностям, повысить профессиональную подготовку, общаясь с работодателями и выпускниками, окончившими ведущие зарубежные вузы. А главное: можно учиться и отдыхать одновременно.*



24 мая 2014 года в Научной библиотеке «Аль-Фараби», в рамках юбилейных мероприятий, посвященных 80-летию КазНУ, состоялось торжественное открытие Летнего семестра. Это был настоящий праздник инновационных технологий: on-line конференция со студентами Восточно-Казахстанского, Костанайского государственных университетов, Американского Университета Центральной Азии, Международного Казахстанско-Турецкого университета, демо-вебинар ведущих специалистов КазНУ, презентационные лекции профессором биологического и физико-технического факультетов. В режиме реального времени студенты из разных городов общались с залом сразу на трех языках: казахском, русском и английском. Большой интерес вызвала демонстрация возможностей открытых on-line курсов Global Classroom-MOOC, не имеющих аналогов в Казахстане. Все участники были охвачены чувством присутствия в новой сфере получения знаний, интегрированности в высокотехнологичное образовательное пространство.

Старт Летнему семестру в торжественной обстановке дал Проректор по учебной работе, доктор технических наук Ахмед-Заки Дархан Жумаханович, вручивший сертификаты студентам КазНУ, занявшим почетное третье место в Лиге Национальных соревнований социальных и бизнес-проектов студенческой молодежи ENACTUS EXPO-2014.

С особым интересом студенты слушали напутствие Генерального Секретаря казахстанской ассоциации инженерного образования Марата Алимова, так как мнение работодателя, человека, ожидающего и принимающего наших выпускников на производстве, очень важно. По мнению М.Алимова, только высшая школа способна формировать интеллектуальную элиту будущего Казахстана, консолидировать усилия по организации высшего уровня образования. Перед системой образования сегодня встают принципиально новые задачи, главную из которых обозначил Президент нашей страны в национальном проекте «Интеллектуальная

нация-2020: воспитание казахстанцев в новой формации, превращение Казахстана в страну с конкурентоспособным человеческим капиталом».

Сегодня актуальна новая парадигма: образование в течение всей жизни. В этом плане КазНУ приглашает студентов обучаться круглый год. Однако не надо думать, что эта форма летнего семестра так же академична, а порой и утомительна, как традиционные семестры. В 2014 году организуются два Летних семестра: с 26 мая по 28 июня и с 23 июня по 26 июля. Второй пройдет в спортивно-оздоровительном лагере КазНУ на оз. Иссык-Куль.

В программу, помимо повторного изучения дисциплин, войдут курсы ведущих профессоров КазНУ и зарубежных университетов, курсы работодателей, выпускников программы «Болашақ», дистанционные курсы на казахском, русском и английском языках с использованием современных методов обучения, а также учебная и производственная практики, летние школы.

Все курсы аккредитованы и соответствуют зарубежным образовательным программам, что дает возможность перезачета освоенных кредитов в казахстанских вузах и при выезде в зарубежные вузы.

Председатель студенческого Бюро КазНУ по Болонскому процессу Диана Успанова обратила внимание участников на новые возможности «летника» в on-line: «Мы можем не только получать образование, но и обрести новых друзей по всему миру, используя передовые технологии, которые обеспечивает нам КазНУ».

Встреча получилась живая и интересная. Студентов, присутствующих в зале и через on-line конференцию, волновало буквально все: скидки, размещение в общежитии, доступ к библиотеке, интернет-ресурсам, спорткомплексу, экскурсии.

Ни один вопрос не остался без ответа. Потому что дело – хорошее! Перспективы огромные. И лето пройдет с пользой!

**Е.И. ДУДИНОВА**



# ЭКОНОМИКАНЫҢ ДАМУ НҮКТЕСІ

*Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың тапсырмасы бойынша елімізде ғылымның, білім мен бизнестің берік байланысына негізделетін «ақылды экономиканың» іргетасы қалауда. Оқу ордамыздың сексен жылдық мерейтойына қатысты салтанатты шаралар легін толықтырған «Университет ғылымды қажет ететін Қазақстан экономикасының қалыптасуының маңызды элементі ретінде» атты ғылыми-практикалық симпозиум осынау көкейкесті тақырыптың практикалық қырын ашып көрсеткен сәтті мәжіліс болды. 28 мамырда әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ғылыми-технологиялық паркінің конференц-залында өз жұмысын бастаған, ҚазҰУ-дың ғылыми-инновациялық жұмыс жөніндегі проректоры Т.С.Рамазанов жүргізіп отырған аяқалы ғылыми басқосуға зиялы көпшілік молынан жиналыпты.*



Еліміздің жоғары оқу орындары мен бизнес құрылымдары арасындағы ынтымақтастыққа қол жеткізудің әрқилы әдіс-тәсілдерін анықтап, ынтымақтастықтың тиімді үлгілері бойынша тәжірибе алмасу және тиімді әріптестік үшін ұтымды ұсыныстар жасау мақсатын алға қойған симпозиум өз жұмысынүшбасымбағытбойыншаөрбітті. Елдің индустриалды-инновациялық даму мәселелері жөніндегі мемлекеттік ұйымдардың өкілдері сөз алған алғашқы бөлімде ҚазҰУ-дың ғылым және инновациялық қызмет департаментінің директоры Алтынай Тоғамбаева университетіміздегі ғылыми жұмыстарды басқарудың танымдық және тәжірибелік тұстарына кеңінен тоқталды. Ғылым және білім беру кластері әлемдік озық үлгілер негізінде құрылған, ол ақпараттық-коммуникативтік, биотехнологиялық, биомедициналық, фармацевтикалық, физикалық-химиялық технологиялар және әлеуметтік-гуманитарлық зерттеулер сияқты салаларды қамтиды. Ал, «Ғылым қоры» акционерлік қоғамының негізгі даму бағыттарын сипаттап өткен басқарушы директор Александр Игоревич Цой ғылыми қызмет гранттық қаржыландыру, халықаралық

ынтымақтастық бағдарламалары және бүкіләлемдік банкпен әріптестік, сонымен қатар университеттердің ғылыми-зерттеу бөлімдерін дамыту бағдарламалары бойынша жүргізілетінін тілге тиек етті.

Шетелдік жоғары оқу орындары мен ғылыми парк өкілдері ат салысқан екінші бөлімде сөз алған «EduWorld Consulting» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің басқарушысы Диляра Вудворд дамыған елдердегі ғылым мен бизнес ынтымақтастығы мәселелеріне тоқталды. Өз кезегінде Ұлыбританияның Вулверхэмптон университетінің өкілдері, осы білім ордасы ғылыми паркінің бизнесті дамыту және білімді трансферлеу бойынша бөлім директоры Найджел Берч пен бизнес шешімдері орталығының директоры Марк Флитам жоғары оқу орнының өзге мемлекеттерде кәсіпкерлер мен ғалымдар ынтымақтастығын орнатуға тигізіп отырған ықпалын егжей-тегжейлі

әңгімелеп берді. Әсіресе, солтүстік Африкада технопарктер құру жөніндегі жинақталған тәжірибе жиналғандар назарын аударды. Сонымен қатар «Дубна» университетінің ақпараттандыру және инновациялық қызмет жөніндегі проректорының міндетін атқарушы, техника ғылымдарының кандидаты Ю.А.Крюковтың баяндамасы да тың деректер мен қызғылықты мысалдарға толы болды.

Жергілікті және шетелдік бизнес-құрылымдардың, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ғылыми-зерттеу институттарының, коммерцияландыру офистерінің, Алматыдағы жоғары оқу орындарының өкілдері сөйлеген симпозиумның үшінші бөлімінде Жану мәселелері ғылыми-зерттеу институтының директоры Зұлхаир Мансұров ғылым мен өндіріс байланысын жолға қоюда кездесіп отырған кедергілерді жою жолдарын тілге тиек етсе, «Alatau IT City Management» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің бас директоры Нұрлан Көпбосынов және «ЛайвНет» мекемесінің бас директоры Виктор Никитин өз ұйымдарында ғылыми әріптестікті дамыту жөнінде қолға алынып жатқан қам-қарекет жайында әңгіме қозғады.

Симпозиум жұмысы барысында «Инновациялық технологиялар паркі» арнайы экономикалық аймағы акционерлік қоғамы мен «EduWorld Consulting» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі арасындағы әріптестік және әрекеттестік туралы меморандумға қол қойылып, университет жас ғалымдарының инновациялық жобаларының көрмесі ұйымдастырылды, онда студенттік бизнес-инкубаторлардың және старт-аппардың үздік үлгілері көпшілік назарына ұсынылды. Ал, отандық бизнес-құрылымдар өкілдерімен болған диалогтық басқосу алаңында оқу

ордамыз ғалымдарының инновациялық талдамаларын отандық экономиканың өндірістік салаларына енгізу мәселелері талқыланды.

Ғылыми жиын жұмысында қалт еткен үзілісті пайдаланып, Біз Биология және биотехнология ғылыми-зерттеу институтының директоры, биология ғылымдарының докторы, Ұлттық Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі Амангелді Бейсенбаевты әңгімеге тарттық. «Биотехнологияның бір қиын тұсы – оның жетістіктерін өмірге енгізуге тәжірибеден-тәжірибеге ұласып отыратын ондаған жыл керек. Сондықтан да ең керекі стратегиялық жоспарға сүйене отырып, нысаналы жұмыс істеу. Біз қазіргі таңда осы мәселеге баса көңіл бөлуіміз», - деді А. Бейсенбаев. Ал, кәсіпкер, «Технопарк-2030» кәсіпорнының басшысы Шыңғыс Рысбеков стадиондар мен балалар алаңдарына төсейтін резина ұнтақтарын, ағаш полимер бұйымдарын өндіретінін, жылыжайлар мен кептіргіш құралдарын жасайтынын айтты. «Бұл басқосу мен үшін өте тиімді болды», - деді бізбен әңгімелескен Шыңғыс Мадридұлы. «Университет ғалымдарының ғылыми талдамалары үшін біз өзіміздің бос өндірістік алаңдарымызды ұсына аламыз. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйініне келсек, қазіргі таңда ғылым мен бизнестің басын қоспай, өркендеу жолына түсе алмаймыз. Бүгін мен осыған әбден көз жеткіздім», - деді ол.

Сондай-ақ университет кампусын аралап, мәдени нысандарды тамашалаған симпозиумға қатысушылар кешкілік конференц-залға қайта оралып, ғылыми басқосуды қорытындылады, ұсыныстар жобасын талқылап, бекітті.

**Ж. БЕКБОЛАТҰЛЫ,  
С. НҰРБЕКОВ**



**28 мая прошел научно-практический симпозиум  
«Университет как точка роста наукоемкой экономики Казахстана»**

## Халықаралық кітап көрме-жәрмеңкесі

29 мамырда әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 80 жылдығына арналған мерейтой оқуында «Интеллектуалды оқудан - интеллектуалды ұлтқа» ұранымен «AlmatyBookExpo» халықаралық көрме-жәрмеңкесі өтті. Шараны әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, ҚР Ұлттық мемлекеттік кітап палатасы, «Нұр Отан» партиясы, Қазақстанның Жазушылар одағы және Баспагерлер мен кітап таратушылар қауымдастығы ұйымдастырды.

«AlmatyBookExpo» халықаралық көрме-жәрмеңкесі ҚазҰУ ректоры Ғ.М. Мұтановтың сөзімен ашылды. ҚР Кітап палатасының президенті Ж.Т. Сейдіманов, Алматы қаласы «Нұр Отан» партиясы қалалық филиалы төрағасының орынбасары К.І. Матыжанов, Мәскеу мемлекеттік баспа университетінің ректоры К.В. Антипов барлық кітап көрмесіне қатысушы баспаларды құттықтап, істеріне сәттілік тіледі.

Салтанатты шарада ТМД Кітап палатасы тағайындаған «Любовь к книге объединяет нас» халықаралық медалімен ҚазҰУ ректоры Ғ. Мұтанов, сонымен қатар баспа-полиграфия саласы, кітапхана жүйесі қызметкерлері, сонымен бірге ҚР Ұлттық мемлекеттік кітап палатасы, Баспагерлер мен кітап таратушылар қауымдастығы, Қазақстан полиграфистер ассоциациясы, ҚР Кітапханалар қауымдастығы, Қазақстан Жазушылар Одағы тағайындаған «Кітап мәдениетіне қосқан зор үлесі үшін» медалімен М. Шаханов, У. Қалижанұлы, Р. Құл-Мұхаммед, Б. Жақып, Ш. Күмісбайұлы, З. Мансұров, т.б. ақын-жазушылар, ғалымдар марапатталды.

Кітап көрме-жәрмеңкесіне отандық «Атамұра», «Мектеп», «Дәуір», «Фолиант»,

Баспадан шыққан әрбір оқулық туралы мәліметтерді бірден алып отырады.

Сонымен қатар «Казконтент» әдеби порталының, 2014 жылдың қарашасында Алматыда өтетін «Open Central Asia Book Forum & Literature Festival» халықаралық әдеби фестивалінің тұсаукесері ерекше аталып өтті.

«Рухани құндылықты сақтаудағы және ұлттық интеллектуалды әлеуетін арттырудағы кітаптың рөлі» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция және номанициялар бойынша ҚР кітап ісінің дамуына қосқан үлесі үшін медальдар, жетекші баспаларға гран-при және дипломдар табысталды. ҚР Ұлттық мемлекеттік кітап палатасы «Үздік баспа – 2013» рейтингінде аталымы жағынан көп кітап шығарған «Қазақ университеті» баспасына 1-орын, ал жүлделі 2-орын «Алматыкітап», «Атамұра», сондай-ақ 3-орын «Мектеп» баспаларына берілді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 80 жылдығына арналған оқытушы-профессор құрамының арасында екі ай бойы өткен «Үздік оқу басылымы» атты байқаудың қорытындысы да шығарылып, жүлдегерлер «Үздік оқу-әдістемелік құралы», «Үздік монография», «Үздік есептер

## КАЗНУ ВСТРЕЧАЕТ СВОИХ ВЫПУСКНИКОВ

В этом году Казахский национальный университет им. аль-Фараби отмечает знаменательную дату – 80-летие со дня своего основания. История КазНУ – это история страны. Университет давно называют не иначе, как кузницей интеллектуальной элиты Казахстана. Своей альма-матер КазНУ могут назвать многие выдающиеся политики, экономисты, видные ученые, успешные бизнесмены, историки и журналисты. Здесь дают образование, которое без преувеличения можно назвать блестящим. В честь юбилея тысячи выпускников главного вуза страны встретятся в стенах родного вуза.



Суретті түсірген: Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ

Главным вдохновителем встреч экс-студентов является Ассоциация выпускников университета во главе с Председателем Верховного суда РК Кайратом Мами. А в состав президиума вошли известные личности: Олжас Сулейменов, Мырзатай Жолдасбеков, Кенжеғали Сағадиев, Игорь Рогов, Акмарал Арыстанбекова, Омирзак Айтбаев, Жумабек Кенжалин, Рахман Алшанов, Арманжан Байтасов, Алмасадам Саткалиев, Нурлан Смагулов, Александр Тараков и другие. Свою миссию Ассоциация видит в укреплении корпоративного духа всех поколений выпускников университета.

Мероприятия начнутся 30 мая в 10.00 ч. с форума работодателей «Университет – Бизнес – Общество» и ярмарки вакансий, в которой примут участие более ста крупных компаний и предприятий (Научная библиотека «Аль-Фараби»).

В 15.30 ч. состоится торжественное открытие не имеющего аналогов среди вузов Центральной Азии Центра обслуживания студентов «Керемет» (ЦОС). С работой ЦОСа ознакомятся Председатель Верховного суда РК К.Мами, Министр образования и науки РК А.Саринжипов, аким г.Алматы А.Есимов. ЦОС будет работать по принципу «одного окна», где студенты смогут оформить необходимые документы и различные справки, получить профессиональную консультацию по вопросам практики и трудоустройства, юридическую и психологическую помощь, воспользоваться услугами интернет-кафе, банков, супермаркета, бытового обслуживания и сервиса, а также посетить кинотеатр.

Затем в здании ректората гостям презентуют почетную доску меценатов КазНУ. В соответствии с мировой практикой Ассоциация выпускников

учредила эндаумент-фонд в целях накопления целевого капитала для финансирования научных исследований, инновационных проектов и поддержки талантливых студентов.

В этот же день в 16.00 ч. во Дворце студентов им. У.Джолдасбекова состоится торжественное собрание коллектива и начнет работу форум выпускников. С приветственной речью выступят ректор КазНУ академик Ғ.Мутанов, председатель Ассоциации выпускников К.Мами, выпускники университета: общественно-политический деятель, народный поэт и писатель О.Сулейменов, председатель Конституционного Совета РК И.Рогов, депутат Мажилиса Парламента РК К.Султанов, ректор КазНПУ им. Абая С.Пралиев, президент группы компаний «Astana Group» Н.Смагулов, Олимпийский чемпион Е.Ибраимов и другие.

В мероприятиях также примут участие депутаты Сената и Мажилиса Парламента РК, выпускники университета разных лет, представители государственных структур, научной общественности, бизнес-сообщества, вузов-партнеров из Казахстана, дальнего и ближнего зарубежья, дипломатических миссий в РК, преподаватели и студенты КазНУ.

Собравшимся будет презентована книга – «Наша элита». Это издание о лучших выпускниках КазНУ подготовила Ассоциация выпускников университета, в которой отражен интеллектуальный вклад выпускников в государственное управление, развитие науки, образования, культуры, формирование современного бизнеса и инновационной экономики.

31 мая в 10.00 ч. состоится традиционный День выпускников КазНУ на факультетах и 18.30 ч. Бал выпускников (Научная библиотека «Аль-Фараби»).

Пресс-служба



«Экономика», «Шың», «Арман ПВ» баспаларының және шетелдік Түркия, Иран, Қытай, Өзбекстан әдеби агенттерінің, кітап саудасымен айналысатын ұйымдарының баспагерлері қатысты.

Аталған іс-шара аясында Р.Д. Ардаканидің «Фараби – ислам философиясының негізін салушы», М. Әбиевтің, А. Майкөзованың «Қазақстан арманы», А.П. Мамрайымовтың «Ұлы жібек жолы» кітаптарының, Г.В. Канның «Қазақстан тарихы» оқулығының, ҚР БҒМ Философия, саясаттану және дінтану институтының, Гёте институтының, ҚР БЖҒМ Ғылыми кітапханасы басылымдарының тұсауы кесіледі. Сонымен қатар Мұхтар Шаханов, Роллан Сейсенбаев, Смағұл Елубай, Жарас Сәрсек, Сұлтан Қалиұлы және т.б. белгілі қаламгерлердің жеке кітап көрмелері ұйымдастырылды.

Ашық аспан астында ел ардақтысы Олжас Сулейменов оқырман қауыммен кездесіп, «Сөз коды» кітабының тұсаукесерін атап өтсе, ақын Мұхтар Шаханов елдегі кітап мәдениеті жайлы сөз қозғап, тіл, ұлттық құндылықтардың барлығы рухани қазынамыз кітапта екендігін айтып, ұйымдастырушыларға өз алғысын білдірді.

Осы күні университетіміз үшін ең маңызды тағы бір ерекше шара – «Қазақ университеті» баспасының www.magkaznu.com сайтының таныстырылымы өтті. Болашақта оқытушы, ғалымдарымызға зор мүмкіндіктің туындағанын байқаймыз. Осы сайт арқылы әлемнің кез-келен еліндегі ЖОО-лармен он-лайн байланысқа түсіп, бірлесіп ғылыми жұмыстар жазуға, пікір алмасуға болады.

жинағы», «Үздік оқу құралы», «Сатылымдар көшбасшысы» аталымдары бойынша марапатталды. Сонымен қатар «Жауқазын» студенттер байқауының жеңімпаздары да анықталды. Бас жүлдені филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінің студенті Н. Тұрғанбек иеленіп, «Атамұра» корпорациясының арнайы сыйлығын жеңіп алды. Жүлделі 1-орынды Абай атындағы ҚазҰПУ-дың филология және әлем тілдері факультетінің студенті Қ. Жұбаева иеленсе, 2-орынды филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінің студенттері Б. Тұрсынбек М. Қайыртауұлы, 3-орынды Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің студенті Ұ. Шәуқенова және Гуманитарлық Заң Университетінің студенті А. Булатова иеленді.

Тағы бір ерекше марапаттау «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ студенті оқуға тиіс 100 кітап» жобасы аясында 2013-2014 оқу жылында өткізілген оқырмандар конференцияларын ұйымдастыруға белсене қатысып, студенттердің кітап оқу дағдысы мен мәдениетін арттыруға үлкен үлес қосқан тұлғалар «Үздік оқырман» ретінде танылды.

Жалпы аталған «AlmatyBookExpo» халықаралық көрме-жәрмеңкесі аясында өткен іс-шаралар ҚазҰУ-дың кемел келешегіне жасалған игілікті істер деп білеміз.

Әйгерім ӘЛІМЖАНОВА,  
баспасөз және электронды БАҚ  
кафедрасы меңгерушісінің орынбасары

Суретті түсірген Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ

24 мамырда ҚазҰУ-дың 80 жылдығына арналған «ҚазҰУ – студенттік спорттың көшбасшысы» атты велошеру өтті

# Адамды көркейтетін - еңбек

Қазақтың бас ақыны Абай: «Берекені көктен тілеме, еткен еңбектен тіле», – дейді. Сол адамды адам еткен еңбекке жастарды баулу, оны бағалай білуге үйретудің маңызы зор. Сондықтан да Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев 2003 жылы студенттік құрылыс жасағын қайта жандандыруды ұсынғанда ҚазҰУ алғашқылардың бірі болып оны қолға алған еді. 24 мамыр күні ҚазҰУ қалашығындағы «Жастар алаңында» Студенттік құрылыс жасағының еңбек маусымы салтанатты түрде басталды. Шараға экономикалық және өндірістік мәселелер жөніндегі проректор М. Бектемесов, әлеуметтік даму жөніндегі проректор Ш. Жаманбалаева, ҚазҰУ қалашығы басшысы Ә. Сейтжанов және СҚЖ ардагерлері мен жауынгерлері қатысты.

Мерекелік салтанатты бастау үшін СҚЖ штаб басшысы Ж. Есенбек проректор М. Бектемесовке рапорт берді. Салтанатты шараны университетіміздің даму ісі жөніндегі проректоры М. Бектемесов құттықтау сөзімен ашып, СҚЖ төлқұжатын жасақ командирлеріне құрметпен табыстады. Жасыл киім киген СҚЖ жауынгерлері жасыл желекке бөленген жастар алаңының сәнін кіргізді. Студенттік құрылыс жасақтары тек еңбек жасақтары ғана емес, жалындаған жастық шақтың, достық пен махаббаттың, қайта оралмас қызықты студенттік шақтардың белгісіндей. Тәуелсіз еліміздің көркеюі мен гүлденуіне атсалысу үшін сап түзген жастар рухы алаңға келушілердің барлығын бір серпілтіп тастады. Алда темп аумағын абаттандыру, оқу

корпустары мен жатақханаларды реттеу, жаңа құрылыс орындарына атсалысу сынды қыруар істер тұр. Алайда еңбектен тайсалар жастар жоқ. СҚЖ штаб басшысы Ж. Есенбек: «Біз белсенді еңбек етіп қана қоймай, спортпен айналысамыз, табиғат аясына серуендеуге шығамыз, қабырға газетін шығарамыз. Сондай-ақ «СҚЖ үздік жауынгері», «СҚЖ үздік жасағы» байқауларына қатысатын боламыз. Осылайша, олар демалысты еңбекпен ұштастырып, өздері үшін аса қызықты, пайдалы ғып өткізетін болады», – дейді.

Тәрбие ісі жөніндегі проректор Ш.Е.Жаманбалаева және Республикалық «Жасыл ел» еңбек жасақтарының Алматы қалалық бөлімшесінің басшысы Алмасбек Нұғманов студенттерді еңбек маусымының басталуымен құттықтап,



еліміздің көркеюіне атсалысу арқылы ел алдындағы перзенттік парызды абыроймен атқаруға болатынын әсерлі әңгімеледі. Салтанатты шараны жасақ жастары әуезді әнмен әрлеп, көңілді бимен көркемдеп отырды. Шара соңында СҚЖ салтанатты түрде аяқталды. Жастар шырқаған Ескендір

Хасанғалиевтің «Атамекен» әні қиелі ҚазҰУ қалашығының аспанында әуеленіп, жасақ жауынгерлерінің рухын асқартатын, ерекше көңіл-күйге бөледі.

**М. МАЙЛЫҚҰТОВА,**

баспа ісі және дизайн кафедрасының аға оқытушысы

## Юбилейный велопробег

**В Алматы прошел городской велопробег, посвященный 80-летию ведущего вуза страны – Казахского национального университета им. аль-Фараби. В праздничном велоезде приняли участие все желающие жители и гости Южной столицы, ставшие участниками грандиозной спортивной феерии.**

Популярность велосипедного спорта в городе растет в связи с загруженностью дорог автомобильным транспортом, желанием горожан вести активный образ жизни. По инициативе ректора КазНУ Галыма Мутанова в университете открылся вело клуб, его председателем назначен Анатолий Арещенко – мастер спорта, заслуженный тренер КазССР, профессор, заслуженный работник образования РК. На территории кампуса установлены велопарковки, в скором времени появятся велосипедные дорожки.

Велопробег стартовал от Международного комплекса лыжных трамплинов и финишировал на

спортивном стадионе КазНУ. В нем приняли участие аким Южной столицы А.Есимов, ректор КазНУ Г.Мутанов, более тысячи горожан, студенты вузов, любители и профессионалы велоспорта.

На стадионе КазНУ состоялся большой спортивный праздник, организованный спортклубом и кафедрой физического воспитания и спорта. Его гостями стали преподаватели, студенты, ветераны спорта, а также выпускники КазНУ – чемпионы мира, Европы, Азии и Казахстана.

С приветственным словом и поздравлениями с 80-летием КазНУ выступили аким г.Алматы, ректор КазНУ



и Олимпийский чемпион Ермахан Ибраимов. Также состоялось чествование лучших спортсменов университета и их тренеров. За подготовку спортсменов высокого класса акимат Алматы наградил грамотами акима и ценными подарками доцента кафедры физической культуры и спорта, тренера по армлесингу - Т.Баимбетова и доцента кафедры, тренера по шахматам А.Носкова.

За высокие спортивные достижения также были отмечены магистранты и студенты КазНУ им. аль-Фараби Амангали Жартыбаев - мастер спорта международного класса, бронзовый призер Чемпионата мира 2013 года по самбо, серебряный призер Чемпионата Азии 2012 и 2013 г.г., многократный Чемпион Казахстана; Никита Филипов - мастер спорта международного класса, участник Олимпийских Игр 2012 года, бронзовый призер Всемирной Универсиады в Казани 2013 года,

многократный Чемпион Казахстана по легкой атлетике (прыжки с шестом); Жансерик Амиржанов - мастер спорта международного класса по тайскому боксу, двукратный Чемпион Азиатских игр 2012 и 2013 г.г., бронзовый призер Всемирных игр боевых искусств 2013 года, бронзовый призер Чемпионата мира 2014 года, многократный чемпион Казахстана.

Ярко и зрелищно прошли показательные выступления спортивных клубов КазНУ по дзюдо, самбо, вольной борьбе и фехтованию. Финальным аккордом спортивного праздника стала матчевая встреча по футболу между сборными командами выпускников и студентов.

**С.Х. БАРЛЫБАЕВА,**  
д.и.н., профессор КазНУ  
мастер спорта СССР  
международного класса



**29 мая в КазНУ открылась международная ярмарка книг «От интеллектуального чтения – к интеллектуальной нации»**

# ҚазҰУ-ХХІ ғасыр университеті



Суреттерді түсірген Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ

**ҚҰРЫЛТАЙШЫ:**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:**

Бас редактор – Саягүл ӘЛІМБЕКОВА  
Жауапты хатшы – Дариға АМАНГЕЛЬДИЕВА  
Тілшілер: Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА, Ақмарал ҚУАНЫШЕВА  
Фототілші – Талғатбек АСАН  
Дизайнер – Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ  
Корректорлар: Гүлжан РҮСТЕМБЕКОВА, Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА

**МЕКЕНЖАЙЫ:**

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.  
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 11-94, тікелей: 377-31-48.  
Электронды мекенжай: [kazuniver-gazeti@mail.ru](mailto:kazuniver-gazeti@mail.ru)  
Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.  
“Гамма-принт” баспаханасында (Райымбек даңғылы, 369) басылды.  
Тел.: 8 (727) 247-98-30, 247-98-31

Бағасы келісім бойынша.  
Таралымы 1000 дана.  
Тапсырыс № 662

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.